



201__ жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі «__» _____ 201__ г.

№ _____

16.02.2018-ғы № 20-11/127 шығыс хаты

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2018 жылғы 19 қаңтардағы № ДС-13

Құрметті депутаттар!

Сіздердің жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларында «Қазақстан географиясы» пәнін қайта қалпына келтіруге қатысты депутаттық сауалдарыңызға қатысты мынаны хабарлаймыз.

Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Сіздер көтеріп отырған мәселені Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ-ның (бұдан әрі – «НЗМ» ДБҰ) сарапшыларымен бірлесіп зерделеді.

Қазақстанның географиясын оқу білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие жұмысында, болашақ ұрпақтың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда басым бағыттардың бірі болып табылады.

Осыған орай, 1993 жылдан бастап «Қазақстан географиясы» оқу курсы мектептерде «География» пәнінің құрамында оқытылады және ол бойынша (әртүрлі атаулармен):

– 1992 жылы 8-сыныпқа арналған «Қазақстанның физикалық географиясы» алғаш рет «Рауан» баспасынан басылып шықты, авторы К. Қарпеков;

– 8-сыныпқа арналған «Қазақстанның физикалық географиясы» (авторлары К. Қарпеков, Ә. Бейсенова, «Атамұра» баспасы) 2000 жылы шықты, 2004, 2008, 2012, 2016 жылдары қайта шықты;

– 8-сыныпқа арналған «Қазақстанның физикалық географиясы» оқулығы (авторы Ұ. Есназарова, «Атаулы Мектеп» баспасы) 2004 жылы шықты, 2013 жылы қайта шықты және т.б оқулықтар шығарылып келеді.

Сонымен қатар 2002 жылғы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында¹ (бұдан әрі – МЖМБС) «География» пәнінің базалық білім мазмұны:

- Жаратылыстану (5-сынып);
- Физикалық география. Бастапқы курс (6-сынып);

¹2002 жылғы 24 қыркүйектегі Білім және ғылым министрлігінің № 693 бұйрығымен бекітілді (күшін жойды)

- Материктер мен мұхиттар географиясы (7-сынып);
- **Қазақстан географиясы** (8-9-сыныптар);
- География (жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптар);
- Қазіргі заманғы география (қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптар) **курстар түрінде берілген.**

Алайда «Қазақстан географиясы», «Қазақстанның физикалық географиясы» және «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» сияқты жекелеген оқу пәндері қарастырылмаған.

Қолданыстағы 2012 жылғы МЖМБС² және оқу бағдарламаларына сәйкес «Қазақстан географиясы» 8, 9-сыныптардың «География» оқу пәнінің шеңберінде, 8-сыныптың оқулығы бойынша «Қазақстанның физикалық географиясы», ал 9-сыныпта «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» деп аталатын оқулықтармен оқытылады.

Қазіргі уақытта «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 76-қадамына және Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (бұдан әрі – Мемлекеттік бағдарлама) сәйкес отандық және халықаралық үздік тәжірибені біріктіруді көздеген «НЗМ» ДБҰ тәжірибесі бойынша жаңартылған білім мазмұнына³ көшу жүзеге асырылуда (2016, 2017 жылдары 1, 2, 5, 7- сыныптар өтті, 2018 жылғы 1 қыркүйектен 3, 6, 8 – сыныптар өтеді, қалғандары 2020 - жылға дейін өтеді).

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасында «География» пәні оқытылатын тақырыптар аясында жергілікті өлкетану және елтану компоненттерін оқыту мақсаттары арқылы қарастырылған. Атап айтқанда, 7-сыныптағы 53 мақсаттың 19-ы, 8-сыныптағы 60 мақсаттың 11-і, 9-сыныптағы 75 мақсаттың 53-і қазақстандық компонентті құрайды.

Тиісінше, 9-сынып бағдарламасының негізгі мазмұны Қазақстан географиясы, оның ішінде білім алушыларды азаматтылық пен патриоттылыққа тәрбиелеу, өз елінің тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету мәселелері болып табылады.

Мемлекеттік тілді дамытуды қолдау үшін география бағдарламасына алғаш рет қазақ топонимикасы бойынша оқыту мақсаты енгізілген.

Демек, білім алушы 9-сынып географиясы курсы аяқтағанда физикалық, әлеуметтік, экономикалық және саяси Қазақстан географиясы бойынша жеткілікті көлемде білім мен дағдыны меңгереді.

10-11-сыныптар «География» пәні бағдарламасының негізгі мазмұнын Қазақстан географиясының мәселелері құрағандықтан жоғары сынып (10-11-сыныптар) оқушылары Қазақстан географиясы курсы оқуды жалғастырады.

Сабәқтастықты қамтамасыз ету мақсатында қолданыстағы «География» пәнінің оқу бағдарламасындағы «Қазақстанның физикалық географиясы» және

²2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 ҚРҰҚ бекітілді

³ 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 ҚРҰҚ МЖМБС-ға өзгерістер енгізілді

«Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» курстары жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының 7, 8, 9-сыныптарында оқытылатын «Географиялық зерттеулер әдістері» бөлімінде сақталған, оқу жүктемесінің көлемі – жылына 68 сағат (немесе аптасына 2 сағат) сақталған.

Сонымен қатар, «География» пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы бағдарламаларда **Қазақстан географиясы бойынша тақырыптарды оқып зерделеуге бөлінетін сағат саны 62 сағатқа арттырылған (2012 жылғы Үлгілік оқу жоспарында -136 сағат, 2016-2017 жылдары - 198 сағат).**

Егер 2013 жылғы оқу бағдарламалары мен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларын салыстыратын болсақ, «География» пәнінде Қазақстан географиясы жөніндегі компонент кеңітілген және **7-11-сыныптарды қамтиды (оқулықтың атауы – «География»).**

Сонымен қатар, білім берудің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларында қазақстандық мазмұнды оқыту көлемі геоэкология, геоинформатика, геосаясат, геоэкономика саласындағы, сондай-ақ ұлттық мүдделер аясында Қазақстан Республикасының геосаяси белсенділігінің бағыттарына қатысты білім алушылардың құзыреттіліктерін ұлғайтуды қамтамасыз етеді.

Бұдан басқа Министрлік «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде туған өлкенің қалыптасуы мен дамуын кешенді түрде сипаттайтын географиялық, тарихи, мәдени, табиғи және басқа факторлар туралы білімді қалыптастыру, туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімді, қоршаған табиғатқа ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу мақсатында «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті» *(қазақ тілді емес мектептер үшін «Қазақ тілі мен әдебиеті»)*, «География», «Музыка» пәндерін толықтыратын 5-7-сыныптарда «Өлкетану» кіріктірілген оқу курсын енгізу туралы мәселені қарастыруда.

Осыған сәйкес, «Қазақстан географиясы» курсы «География» пәнінің шеңберінде оқытылғандықтан және оның көлемі жаңартылған білім беру мазмұнының бағдарламасында көбейтілгендіктен, «Қазақстан географиясы» жеке пәнін бөлу орынсыз деп саналады.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы *«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері»* атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылғандай, Қазақстанда оқушылардың жүктемесі ТМД елдері арасында ең жоғарғы және ЭЫДҰ елдеріндегі жүктемеден орташа алғанда үштен бірге артық екенін де атап өту керек.

Бұдан әрі жұмыстар Мемлекеттік бағдарламаға және Мемлекет басшысының білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын арттыру бойынша 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген тапсырмасына сәйкес жалғасатын болады.

Е. Досаев